

А.Н. Ламбекова*, А.Т. Галинова², Р.М. Рахимбаева³, Д.Е. Алишева⁴

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

^{2,4}Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан;

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

¹aygerim.lambekova@mail.ru; ²Altynay.galinova@narхоз.kz

³roza_madjarova68@mail.ru; ⁴Diana.alisheva@narхоз.kz;

¹<https://orcid.org/0000-0001-6818-3665>, ²<https://orcid.org/0000-0002-7595-6635>

³<https://orcid.org/0000-0002-1581-75451> ⁴<https://orcid.org/0000-0001-6483-0917>

¹Researcher ID: AAK-1364-2021

¹Scopus ID:57204244683

Қазақстандағы этнотуризмді дамыту негізінде жұмыссыздық деңгейін төмендету жолдары

Аңдатпа:

Мақсаты: Қазақстанда этникалық туризмді дамыту арқылы, жергілікті халықтың салт-дәстүр, мәдениетімен таныстыру. Этнотуризмді дамыту арқылы жұмыссыздықты азайту.

Әдістер: Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының жұмыссыздық деңгейінің математикалық–экономикалық және де жүйелік талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, мақсатты аудиторияны анықтап, тұрғындар арасында сауалнама жүргізіліп, этнотуризмді дамыту арқылы қандай жұмыс түрлерімен халықты қамтамасыз ету керектігін және қажеттіліктері мен қалаулары анықталды.

Нәтижелер: Зерттеу нәтижесінде агротуризмді дамыту барысында, этнотуризмді қолға алуды және қарапайым халықты жұмыспен қамтамасыз етіп жұмыссыздың деңгейінің төмендеуіне көз жеткізілді. Қазақстан Республикасы бойынша этноауылдардың инфрақұрылымын, даму әлеуетін, перспективасын, даму қолайлығы зерттелді.

Талқылау: Қазіргі таңда ауылдық этнотуризмді дамыту, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту өте өзекті мәселелер. Этнотуризм саласы арқылы, этникалық туризмді жаһандандыра отырып, ел экономикасының дамуына үлесін қосатын, өсуіне енді бастау алып, көбейіп келе жатқан негізгі туристік бағыттарды дамыту керек. Этнотуризмді дамыту барысында еліміздегі жұмыссыздық деңгейін төмендету салдары қарастырылды. Халықтың дәстүрі мен мәдениетін, қолөнер мен тарихын насихаттау арқылы, шетел азаматтары мен жергілікті халықтың назарын аудару қажет. Мақалада еліміздегі этнотуризмді дамытуда жаңа перспективалары қарастырылған.

Кілт сөздер: туризм, этно, тарих, дамыту, жұмыссыздық, еңбек нарығы, мәдениет, қолөнер саласы, агротуризм, ауылшаруашылығы, кәсіпорын.

Кіріспе

Еңбек нарығы, әрбір мемлекеттің экономикасына үлесін қосатын маңызды нарықтардың бірі. Кез келген үкімет басшысы еңбек нарығын дамытуда және жұмыссыздықпен күресуге тиімді жолдары мен артықшылықтарын іздестіреді. Экономикалық саясаттың бағыты жұмыссыздықты азайтуға бағытталған немесе жұмыспен қамту дәрежесін арттыруға не болмаса жұмыстан босату деңгейін төмендетуге ықпалын тигізеді. Осылайша, үкімет басшысы елдегі жұмыссыздықтың табиғи дәрежесін өзгертеді. Еңбекке қабілетті, денсаулығы жарамды халық жасы (14-59 ж.ж аралығындағы ерлер мен 14-54 ж.ж әйелдерге қатысты) есептеледі. Жұмыссыздық — экономикалық құбылыс, белсенді халықтың экономикадағы бір бөлігі, яғни әр түрлі себептерге байланысты уақытша жұмыссыз жүрген адамдар тобы. Осы орайда, бұл жұмыс істегісі келетін бірақ, қалыпты жалақы мөлшерлемесі бойынша жұмыс таба алмайды деген тұжырымдамаға келеді.

Әлемнің көптеген елдерінде экономика саласының дамуындағы, ел экономикасына, бюджетке түсетін қаржының басым бөлігін көтеретін саланың бірі — туризм саласы. Туризм саласы даму арқылы еліміздің инфрақұрылымы да дамып, жаңа инновациялық технологиялардың жұмыс жасауына және тұрғындардың ауылдық туризмді дамыта отырып, этно ауылдар санын көбейтуге, жұмыспен қамтылып, тұрмыс жағдайының жақсаруына септігін тигізеді. Шет елдердің тәжірибесін зерттей отыра, туризм саласын дамыту арқылы, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге және де мемлекеттің экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін, экономикалық тұрақтылықтың маңыз-

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aygerim.lambekova@mail.ru

ды факторы және тиімді табыс көзі болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылы Қазақстанға 609 803 шетелдік туристер келген, бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан. Шет ел туристерінің 44 пайызы Алматы қаласындағы көрікті жерлерді көруге келген.

Қазіргі таңда туризм бағыттарын брендтеудің көптеген нақты әдістері бар, соған байланысты туризмнің селективті түрлерінің таралуы байқалады. Туризм саласындағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты қазірдің өзінде туристік бағыттар сан түрлі, соның ішінде: әскери туризм, ауыл туризмі, конгресс туризмі, сауықтыру туризмі, спорттық, білім беру, діни туризм, археологиялық, қалалық, рекреациялық, бальнеологиялық, экологиялық және этнотуризм (Васас, 2011).

Әлемдік туризмнің заманауи тенденциялары табиғаты толығымен сақталған немесе ең аз өзгертілген елдімекендерді іздейді. Барлықтарына мәлім біздің мемлекетіміз табиғаты толығымен сақталған, көрікті мекендерге бай және де этикалық тұрғыдан қарастырғанда дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға да бай мемлекет болып саналады.

Бүгінгі таңда этнотуризм өте қарқынды дамып келеді және кейбір елдерде шетелдік туристердің айтарлықтай бөлігін тартады. Мысалға Италия, Ирландия, Франция, Швейцария, Скандинавия және Испания елдері жатады. Бұл елдер Еуропадағы ауылдық туризмнің көшбасшылары болып табылады, оларға түсетін пайда жүздеген миллион долларды құрайды. Қазақстанда туристік саланы дамытуда, жоғарғы перспективалы бағыттарының бірі — ауылдық агротуризм түрі. Агротуризм — бұл тек ауылшаруашылығымен шектеп, жұмыссыздықты азайту ғана емес, жол құрылыстарын салу арқылы, қонақ үйлер, клубтар, егістікке арналған техникалық көліктерді әкеле отырып, жұмыссыздықты азайту болып табылады. Туризмді дамыту барысында, ауылшаруашылығын жаңа инновациялық технологиялармен қамтамасыз ету, агротуристік ауылдарды құра отырып, этнографиялық көзқарасты дамыту болып табылады (Вакіс, 2020). Нәтижесінде, ауыл тұрғындарының туризм жайлы білімін қалыптастыру, елдімекеннің тарихын білу керек. Ауылдық туризм, этнотуризммен байланысты болғандықтан, этнотуризмді дамыта отырып оңды нәтижеге қол жеткізе аламыз. Еліміздің әр аймағында этникалық турды жақсартуға бағытталған бағдарламалар бар. Мысалы: қазақи ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық табиғи сусындар және салт-дәстүрлер мен әдеп ғұрыптарға бай халықпыз. Бұл үшін жергілікті халықтың көмегімен этнографиялық ауылдарды ұйымдастырып, қажет болатын қаражаттарды бөліп, қажетті жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Елімізде осы бағытта ұйымдастыруға, дамытуға болатын барлық негіз бар. Этнотуризмді тек шетелдік туристерге ғана емес, қаланың шуынан демалғысы келетін, белсенді өмір салтын қолдайтын, рухани демалуды іздейтін қала тұрғындарына арнайы ұйымдастырса болады. Этнотуризмге келген қонақтарға көптеген дүниелер ұсынуға болады. Мысалы: әр-түрлі жастағы адамдарға ұлттық киімдердің түрлерін дайындап суретке түсіру, аңшылық жорықтар, жылқымен серуендеу, ұлттық ойындар, атап айтсақ қыз қуу және т.б., ауыл-тұрғындар арасында көкпар, бәйге ойындарын ұйымдастыру, ұлттық тағамдар мен сусындардан дәм ауыз тигізу, халық ауыз әдебиетімен, жыр-дастандар, аңыздармен танысу мүмкіндігі, садақ-жебе атып-үйрену ойындары, халықтың дәстүрлі кәсібі мен шаруашылығымен айналысу және тағы да басқаларын жатқызуға болады.

Еліміздегі болып жатқан жұмыссыздық бұл халық үшін үлкен мәселенің бірі. Жұмыссыздық тек біздің елімізде емес, сонымен қатар дамыған елдерде де АҚШ, Германия, Жапония мемлекеті және ТМД елдерінде де бар. Жұмыс бар жерде де, жұмыссыздық та қатар бірге жүреді (Bartoluci, Starešinić, Franić & Bartoluci, 2018). Этнотуризмді дамыту арқылы сонымен қатар, әлеуметтік экономикалық даму нысандары, туризм орталықтарының арқасында өнеркәсіптік және нарықтық инфрақұрылым өсу деңгейлері, халықты қолөнермен айналысып үйретуге, тұрмыстық жағдайын арттыруды және валюталық ақша қаражаттарының түсімдердің өсуіне ықпалы тиеді. Мысалы, этнотуризмді дамыту барысында, туристің жеке қалауларында ескеріп, ерекше стильдегі қонақ үйлерді салу, туристік агенттіктер мен гид қызметтеріне жүгіну арқылы, аудармашы қызметтерін жақсарту жұмыстарын жүргізу этникалық туризм саласын дамуына маңыздылығы жоғары (Blažević, Peters, & Chen, 2018). Қазақстан аймақтарындағы этноауылдардың көбеюі, туристік дестинацияларының арқасында еліміздің ішкі туризм бағыттары қарқынды дамуы, шетел азаматтарының басты назарын аударуына мүмкіндік береді (Okech, R., Naghiri, M. & George, P. B., 2012).

Материалдар мен әдістер

Мақаланың пәні соңғы жылдардағы этнотуризмнің қалыптасуына сипаттама бере отырып, талдау жүргізу, сонымен қатар Қазақстандағы этнотуризмнің даму мүмкіндіктеріне сілтеме жасай отырып, ауылдық аймақтардың әлеуетін көрсету.

Мақаланың басты мақсаты — жұмыссыздық деңгейін этнотуризм, оның ішінде ауыл шаруашылығы, этнотуризм саласын дамыту арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету жолдарын ұсыну. Зерттеу барысында мақсатқа қол жеткізу үшін бірнеше сапалық және сандық әдістерді қолдану арқылы қол жеткіздік. Зерттеу әдісі ретінде, сандық және сапалық әдіс, сауалнама алу арқылы және корреляциялық талдау жасау басшылыққа алынды. Сандық әдіс арқылы ресми статистикалық мәліметтер негізінде таңдап отырған тақырыбымызға сәйкес әсер етуші факторларды қарастыруға, кесте шығаруға және халық арасында сауалнама жүргізу арқылы ой-пікірлерін біліп, мәліметтерді жинақтай аламыз. Сандық әдіс факторлары бойынша шағын және орта кәсіпкерлік, келуші резиденттер және резидент емес туристердің туризмнің дамуына әсерін қарастырамыз. Осыған орай, 100 респонденттерден 12 сұрақтан тұратын ашық сауалнама алынды. Сапалық әдіс зерттеліп жатқан мәселе бойынша респонденттердің этнотуризмді қаншалықты қолдайтынын және жұмыссыздықпен күресуге болатындығын ашып көрсетті. Осы әдістердің барлығы жұмыссыздықпен күресе отырып, этнотуризммен қоса, агротуризмді дамытудағы маңыздылығын айқындаймыз. Басты зерттеу мақсаты — дамыту себептері мен салдарын анықтау. Соған байланысты туризм саласындағы этнотуризмді дамыта отырып, мемлекеттегі инфрақұрылымды дамытуға, қызмет көрсету саласының біршама мәселелерді шешуге, соның ішінде келуші қонақтарды орналастыру орындарының, демалыс орындарының, тамақтану орындарының сапасын арттыруға, мемлекеттің көрнекті жерлерін таныстыруға мүмкіндік туындайды.

Әдебиеттік шолу

Ауылдық елді мекендерде, аймақтарда, табиғат арасында демалуды іздейтін туристердің саны күннен-күнге өсуде және бұқаралық туризмнен баламалы, арнайы туризм түрлеріне, негізінен Батыс және Солтүстік Еуропаның тұрғындарынан қызығушылық байқалады. Неғұрлым шет ел ағымы көбейген сайын, жұмыс орындары да арта түседі.

Туризм саласы көлік және ойын-сауық секторы, келушілерге арналған көрікті жерлерді, саябақтарды көрсетумен, ойын-сауық кешендерінде қызмет көрсетумен, мұражайларға апару және қонақжайлылық пен қонақтарды орналастыру қызметімен ғана шектелмейді, сонымен қатар туризм және оны басқару барлық негізгі функциялармен, процестермен және процедуралармен тығыз байланысты. Сондай-ақ, туризм индустриясы барлық деңгейлерде (халықаралық, ұлттық, аймақтық, жергілікті) жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, оқыту және бақылау функцияларын қамтиды. Сондықтан туризм экономиканың функционалдық бірлігінен қалыптастырылған (Colin, 2011).

Жан-жақтан келген туристер тек бос уақытын немесе демалысты өткізу мақсатында емес, сонымен қатар іскерлік мақсаттармен немесе кездесуге, конференцияға, семинарға, іс-шараға және өздеріне жаңа мекендерді ашу үшін саяхаттаған адамдар болып саналады және туристер тікелей немесе жанама түрде барған жерлерінің экономикалық тұрғыдан өсуіне үлесін қосатын, жалпы туризм индустриясын дамытатын топ мүшелері болып табылады (Cooper, Fletcher, Gilbert & Wanhill 1993).

Туризм — бұл кез келген аймақтың экономикалық өсуіне және еңбек нарығына айтарлықтай үлес қоса алатын, сондай-ақ тікелей немесе жанама түрде тауарларды жеткізу, қызмет көрсету арқылы жұмысбасты болуға мүмкіндіктерін тудыратын экономика секторы. Сонымен қатар, туризм экономикалық тұрғыдан ғана пайда әкеліп қоймай, әлеуметтік жағынан мемлекетке үлесі жоғары (яғни, шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды жақсарту және т.б.). Мәдени тұрғыдан да қарастырсақ, туризмді дамыту арқылы қоғамдастықты байытуға да қол жеткізе аламыз (Chuang, 2010).

Этнотуризм — бұл үлкен әлеуетке ие туризм саласының ерекше түрі. Кейбір аймақтарда бұл туризм түрі туристік маусымды ұзартуы мүмкін, нәтижесінде осы сектордағы жұмысшылардың санын ұлғайтуға мүмкіндік пайда болады (Ciutacu, Chivu & Iorgulescu, 2009). Осыған орай этнотуризм қазіргі уақытта халықаралық нарықта үлкен сұранысқа ие болғандықтан, біздің елге туристер ағымын ұлғайтуға мүмкіндікті жіберіп алмау қажет (Dwyer, Forsyth, Madden and Spurr, 2000).

Елімізде этнотуризмнің жаңа перспективалы бағыттарын дамыту үшін, агротуризмнің тікелей байланысқа ие болатындығына көз жеткіздік. Осы орайда, ауыл тұрғындарының еңбектік әлеуметтік жағдайына қатысты статистикалық мәліметтері талданды, агротуризмнің негізгі артықшылықтары мен статистикалық мәліметтері зерттелінді. Мысал ретінде Ресейдегі агротуризмнің даму проблемаларымен қоса шешілу жолдарын қарастырайық (Fotiadis, 2011). Осыған орай авторлар секторлар ішінде, шағын бизнестің тиімділігін атап өткен. Агротуризмнің дамуы қарапайым ауыл тұрғындарының әлеуеттік жағдайын жоғары деңгейде көтеруге және этнотуризм саласын әкеле отырып, этномәдени көзқарастың қалыптасатынын дәлелдеді (Koteski, Majhošev & Jakovljević, 2017). Дәл солай өз ең-

бектерінде С.Р. Ердавлетов агротуризмнің жаңа түрлерін дамыту арқылы Қазақстанның ауыл аймақтарын жаһандандыру мәселелері мен оның түрлері, соның ішінде этнотуризмді дамыта отырып қымызхана, шеберхана, атпен серуендеу, шұбатхана орындарына тапсырыстың көбеюі тікелей дамуына әсерін тигізетінін дәлелдеді (Maria-Irina, 2017, Spanou, E., 2007).

Ресей жерлеріндегі, яғни Ресейдің әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасы бойынша туризмді елдің инновациялық дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Ресей аумағында орналасқан бірнеше аудандардағы этнотуризмнің даму дестинацияларының тиімділігі қарастырылған. Осы дестинацияларды дамыту арқылы жұмыссыздықтың көбеюі ықтималдығын азайтуға мүмкіндік берді (Moutinho, 2005, Simoni, S. & Mihai, D. 2012).

Әдістер

Туризм саласы — кедейлікті жоюдың, жұмыссыздықты тоқтатудың, өркениеттер арасындағы диалогты жеңілдетудің және әртүрлі мәдениеттер ағындары кездесіп, араласып, жаңа этика құра алатын арналарды қамтамасыз етудің қуатты құралы ретінде қызмет етеді. Туризм — әлемнің көптеген елдерінің экономикалық және әлеуметтік дамуында өте маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыспен қамтудың ең үлкен көзі және оның қызметтері саяхат, тұру, тамақтану және мәдениет пен дәстүрлерді, әсіресе қолөнер өнеркәсібін сақтаудан бастап экожүйені сақтауға дейін (Nagy, Káposzta & Meta, 2017). Туризмнің аймақ немесе мемлекет үшін басты артықшылығы — экономикада. Ол халықаралық, ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде жұмыс орындарын құруға және табыс табуға мүмкіндік береді. Ал этнотуризм сонымен қатар аймақтық және жергілікті экономикаға пайда әкелуі мүмкін, өйткені ақша қаражаттары қалалық және ауылдық жерлерге түседі, бұл өз кезегінде жаңа бизнесті ынталандыруға және аймақтағы жағымды имиджге ықпал етуге мүмкіндік береді (Njegovan, 2016, European Union Tourism Revenue, 2020).

Сонымен қатар, этнотуризмді дамыту арқылы, біз мемлекетіміздің түкпірлерінде орналасқан, тарихы мол, әдет-ғұрыптарға, дәстүрлерге бай мекендермен ғана таныстыра қоймай, сонымен сол аймақтарда тұратын жастарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік бере аламыз.



1-сурет. ҚР этнотуризм саласының даму сипаттамасы

Ескерту: Сурет автормен құрастырылған

Яғни этникалық туризмнің қаншалықты ауылды аймақтарда дамуын, туристік елді мекендерде жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне әсер ететіні статистикалық мәліметтер, математикалық модельдер арқылы дәлелдейтін боламыз.

Төмендегі кестеде туризм саласына қатысты негізгі көрсеткіштер көрсетілген. Атап айтқанда елімізде жыл сайын ішкі және сыртқы туризм ағыны артып жатқанын байқауымызға болады. Соған орай өз дәстүрімізді насихаттайтын этнотуризмді дамыту, ауылды аймақтарда жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді (1-кесте).

1-кесте. Негізгі экономикалық бағыттар бойынша жұмыспен қамтылу, мың адам

	Туризм саласы бойынша бағыттар тізбегі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж., 3-тоқсан
1	Орналастыру орындары бойынша қызмет көрсетілген келушілердің саны	5526864	6266563	3581340	5474971	5468054
2	Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	187,7	196,9	193,7	190,9	195,2
3	Өнер, ойын-сауық және демалыс	145,6	142,0	138,4	134,7	134,7
4	Жұмыссыздардың саны, мың адам	443,6	440,7	448,8	449,6	450,3

<https://www.stat.gov.kz/> -мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Кестеде көріп отырғанымыздай, туризм саласындағы орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілердің саны мен жұмыссыздықтың деңгейі тұрақтылықты көрсетпейді. 2018-2019 жылдар аралығында өсу қарқынын көрсетсе, 2020 жылы келушілердің саны төмендегенін байқауға болады, ал жұмыссыздар саны сол жылдары өскенін көруге болады.

Зерттеу жүргізу мақсатында сапалық әдісі, R-бағдарламадан бастауды жөн көрдік. Сапалық әдіс негізінде респонденттерден сауалнама алынып, этнотуризм дамуы қаншалықты жұмыссыздық деңгейіне әсер ететіні анықталды. Енді сауалнама өзіне тоқталсақ, сауалнамаға туризм саласында жұмыс істейтін 100 респонденттерден астам қатысты, оның ішінде әр түрлі әлеуметтік топ өкілдері мен әр түрлі табыс деңгейі бар адамдарда белсене түрде жауаптарын жазып кетті. Сауалнама нәтижелерін R-бағдарламаға салып, R-бағдарлама арқылы мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейін төмендету барысында этнотуризмнің үлесін анықтау маңызды болып табылады. Сауалнама мақсаты — белсенді жастар мен орта жастағы тәжірибелі адамдар тобының пікірлерін біле отырып, этнотуризм мен қоса агротуризмнің дамуы қаншалықты маңызды екенін білу.

Сауалнама жасау барысында 16-18 жас өкілдерінен 7 адам қатысса, 18-25 аралағындағы жастардан 42 адам қатысқан. 18-25 жас аралығындағы адамдар сауалнаманың 42 пайызын құрады. Бұл дегеніміз жұмысқа икемді жастардың бөлшегі. 25-45 аралығындағы адамдардан 35 адам қатыса отырып, сауалнаманың 1/3 бөлігін құраған, 50-55 жас аралығынан 16 адам қатысқан.

Сауалнама нәтижесінде келесідей нәтижеге қол жеткіздік (2-сурет).

```
Call:
glm(formula = importance ~ unemployment, data = A)

Deviance Residuals:
    Min       1Q   Median       3Q      Max
-2.1773  -1.1020  -0.4437   0.9231   3.9231

Coefficients:
            Estimate Std. Error t value Pr(>|t|)
(Intercept)  1.0769      0.2010   5.359 5.57e-07 ***
unemployment  0.3668      0.1494   2.455  0.0158 *
---
Signif. codes:  0 '***' 0.001 '**' 0.01 '*' 0.05 '.' 0.1 ' ' 1

(Dispersion parameter for gaussian family taken to be 1.851784)


Null deviance: 192.64  on 99  degrees of freedom
Residual deviance: 181.47  on 98  degrees of freedom
AIC: 349.38

Number of Fisher Scoring iterations: 2
```

2-сурет. R-бағдарламау арқылы алынған сауалнама нәтижесі

Ескерту: Сурет автормен құрастырылған

Жоғары көрсетілген, R-бағдарламаудың нәтижесі көрсеткендей «unemployment» сұрағына байланысты көрсетті. Сауалнама жүргізу барысында респонденттерден 12 сұраққа жауап алынды, соның ішінде негізгі сұраққа осы жауапқа байланысы бар екені анықталды. Яғни бұл сұрақ бойынша респонденттерге этнотуризмнің тиімділігі және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне қаншалықты әсер ететіні жайлы сұрақ қойылды, соған байланысты R-бағдарламау арқылы осы сұрақ маңызды екені анықталды.



3-сурет. Жұмыссыздық деңгейіне төмендеуіне әсер етуші фактор гистограммасы

Ескерту: Сурет автормен құрастырылған

3-суретте берілген гистограммада жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі үшін адамдардың көп бөлігі үй шаруасындағы адамдарды жұмыспен қамтуды белгілегенін байқай аламыз. Одан сәл ғана аз жауаппен бірінші вариантты таңдаған екен, яғни қолөнер саласы арқылы қосымша табыс табуға болады. Өте қолайлы жұмыстардың бірі десек болады. Туристік орталықтарда гид немесе экскурсовод болып жұмыс жасау таңдауына бар жоғы 7 адамдай жауап беруіне байланысты, гистограмма бағаны өте төмендеу, ал этноауылдар құру арқылы ауыл адамдарын жұмыспен қамтуға аз адам ғана дауыс беріпті. Ауыл аймақтардың адамдары басым көпшілі егін, мал шаруашылығымен айналысқандықтан жауап саны аз болуына әсер етті деген тұжырымдамаға келеміз. Яғни халық, еліміздегі елеулі жұмыссыздық проблема көзін осы ауылшаруашылық жолмен шешуді жөн көрді.

Зерттеу нәтижесі

Келесі зерттеу мақсатында зерттеу нәтижесін нақтылау үшін сандық әдісті қолдануды жөн көрдік. Сандық әдіс негіз ретінде корреляциялық модель қолданылған. Корреляциялық әдісті қолдану арқылы, біз Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейінің соңғы 10 жыл ішіндегі өзгерістері талданған. 2011-2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне әсер етуші факторлар анықталған. Толығырақ жұмыссыздыққа әсер етуші факторлар көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген. Төменде көрсетілгендей таңдап алынған факторлар белгіленген:

Y – Қазақстан Республикасындағы жұмыссыздар мың адам;

X1 - Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер, адам;

X2 – Кіру туризмі бойынша (резидент еместер) орналастыру орындары, бірлік;

X3 – Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде жұмыспен қамтылғандар: Тұру және тамақтану бойынша қызметтер, мың адам;

X4 - Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде жұмыспен қамтылғандар: Өнер, ойын-сауық және демалыс, адам;

X5 – Орналастыру орындары бойынша қызмет көрсетілген келушілердің саны, адам;

X6 – Орналастыру орындары негізінде көрсеткен қызметтер көлемі, мың тг.;

X7 - Қонақ үйлердің толтырылымдылығы (төсек-тәулік), %;

X8 - Орналастыру орындарының саны, бірлік;

X9 - Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандардың саны.

Мақалада зерттеу сұрағына байланысты факторларды, кестелерді және статистикалық мәліметтерді қолданылып, зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде келесі нәтижелерге қол жеткіздік (2-кесте).

2-кесте. Корреляциялық талдау.

	Y	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8	X9
Y	1									
X1	-0,84637	1								
X2	-0,72799	0,66468	1							
X3	-0,90003	0,95399	0,65663	1						
X4	-0,76128	0,91080	0,58922	0,94692	1					
X5	-0,87184	0,97817	0,76749	0,94521	0,88648	1				
X6	-0,84276	0,98976	0,71195	0,94656	0,89834	0,98058	1			
X7	0,54892	-0,64712	-0,24431	-0,69670	-0,73557	-0,56009	-0,61700	1		
X8	-0,86494	0,96810	0,59187	0,97058	0,91411	0,94864	0,95505	-0,7095	1	
X9	-0,93495	0,91770	0,65618	0,95857	0,85880	0,92549	0,90837	-0,6469	0,95791	1

[Ескерту: автормен құрастырылған]

Кестеде корреляциялық талдаудың нәтижелері көрсетілген. Зерттеу мақсаты — мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейіне әсер етуші айнымалылардың байланысын анықтау болды. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейіне экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде жұмыспен қамтылғандар: Тұру және тамақтану бойынша қызметтер, мың адам (X3: -0,90) факторы мен шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандардың саны (X9: -0,93) факторлары тығыз кері байланыс бар екені анықталып тұр. Яғни, тұру және тамақтану бойынша қызметтердегі жұмыспен қамтылғандар саны ұлғайған сайын, мемлекетте жұмыссыздық деңгейі төмендейді деген тұжырымдамаға келуге болады. Сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар, бұл бәрімізге мәлім шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тікелей туризм саласының өкілдері болып табылады, сондықтан зерттеу нәтижесі негізінде шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар ұлғайса, мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейі төмендейтіні анықталды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей туризм саласын сипаттайтын айнымалылар Y айнымалы кері байланысты көрсетіп тұр. Бұл тікелей әр түрлі бағыттағы туризм саласын дамытсақ, мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейі төмендейтіні туралы тағы бір дәлел екенін айтуға болады. Яғни туризм саласындағы ішкі туризм бойынша орналастыру орындары бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны (X1) артса, кіру туризмі бойынша орналастыру саны (X2) өссе, экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде жұмыспен қамтылғандар: өнер, ойын-сауық және демалыс бойынша (X4) ұлғайса, мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейі төмендейді. Демек отандық туризм бағытындағы орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілердің саны (X5), орналастыру орындары негізінде көрсетілген қызметтер көлемі (X6), туризм бағыттағы орналастыру орындарының саны ұлғайса, жұмыссыздық деңгейі төмендейтіні екені анықталды.

Талқылау

Зерттеу нәтижесі нақтыланып, талқыланды. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер негізінде зерттеу нәтижесіндегі дәйектеме арқылы нәтижеге қол жеткіздік. Мемлекеттегі жұмыссыздық деңгейі қазіргі таңда да өзекті мәселелердің бірі болып табылатыны анықталды, әсіресе табиғи көріністері бар, мәдени мұраға бай ауыл аймақтарында. Сауалнама нәтижесінде жұмыссыздықтың басты себебі — туризм саласында жалақының аздығы және жұмыс іздеуші үшін сол себептен осы салаға қызығушылық танытпайтындығында. Елімізде инфрақұрылымның төменгі деңгейде жабдықталуы, ауыл тұрғындарының жалақы көлемінің төмендігінен, өзінің интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігі болмауынан, қалалық жерлерге көшіп-қонуы. Қазіргі кезде этнотуризмнің дамуына басты және негізгі кедергілердің бірі — инфрақұрылымның дамымауы, қала мен ауыл арасын қосатын сапалы магистральдардың жеткіліксіздігі. Туризм индустриясымен айналысуға мүмкіндігі бар ауылдардың көбі қалалық жерден қашықтықта орналасқан. Инфрақұрылымның дамуы мемлекетке де, халыққа да және туристердің өзіне де тиімді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, этнотуризмді кеңінен дамыту үшін, ауылдық-этникалық туризмді қолға алу керек. Елімізде әлеуетті жоғары этнотуризмді дамыту қажеттілігі туындап тұр. Туристерді тарту мақсатында ұсынысымыз бар. Мемлекет тарапынан туризмді дамытуда бірнеше бағдарламалар, жоспарлар әзірленуде және оларды жүзеге асырылу шаралары жүргізілуде, оның ішінде — ауыл туризмі де бар. Яғни ауыл туризмінің жаңа бағытын дамыту деп айта аламыз. Еліміздің өңірлерінде жердің өнімді шығару құнарына қарай 100 гектар жеріне инвесторлар инвестиция салып, «Агробак» атты егістіктің жаңа жобасын ұсынған. Осы орайда, Р. Фазыбековтің айтуынша, егістікпен

айналысу, шамамен 4-5 млн адамдарды жұмыспен қамтиды деп есептейді. «Агробак» жобасының мақсаты — осы бақтың өнімдерді жинау барысында адамдарды жұмыспен қамту. Бұны жаңа фермерлер «ауылдық туризм» деп атайды. Қонақ үйлер кеңістігін, кампустар мен коворкингтерді, зертханалар мен жылыжайларды және корпоративтік кештерге сұраныс артуына байланысты ауылдық туризмді қамтиды. Жалпы, ауыл туризмінің дамуын талдау — ұйымдастырушылық пен экономикалық тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Өнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамытуға арналған туризмнің басқа түрлерінен айырмашылығы, ауыл туризмі демалыс кезінде әлеуметтік-экономикалық факторларды ескере отырып, олардың құрамы мен топтастырылуы туралы мәлімдейді. Ал жұмыспен қамтылған халыққа, көркейген инфрақұрылым, туристердің көптеп қызығушылық танытатыны белгілі. Осы процестің арқасында, елімізде агроөнеркәсібі, инфрақұрылым, этнотуризм дамиды.

Болашақта заманауи туризм саласы көбінесе «көруге» және «сезінуге» бағытталған туристер ағымынан тұратыны анық. Туристік экономиканың маңызды мақсаттарының бірі қанағаттанарлық қаржылық нәтижелерді қамтамасыз ететін туристік аймақты кеңейту болып табылатынын ескере отырып, тұрақты даму қағидаттарын сақтай отырып, жыл бойы туристік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін туризмнің балама түрлерін дамыту қажет.

Әдебиеттер тізімі

- Bacac, R. (2011). *Rural Tourism Handbook: Step by Step from Idea to Successful Business*; Zagreb: Ministry of Tourism of the Republic of Croatia.
- Bakić, S. (2020). The role of the Central Bank as a participant in the financial derivatives market. *Oditor – Časopis Za Menadžment, financije i pravo*, 6(1), 22-37. doi: <https://doi.org/10.5937/Oditor2001021B>.
- Bartoluci, M., Starešinić, Z., Franić, D. M. & Bartoluci, F. (2018). EU fund's assets in the function of rural tourism development in Croatia. *Acta Economica Et Turistica*, 4(1), 1-120. doi: <https://doi.org/10.1515/aet-2018-0005>.
- Blažević, M., Peters, K. & Chen, G. (2018). Developing rural tourism in minority ethnic villages: Zlot and Xiaocang She Ethnic Township. *Hotel and Tourist Management*, 6(2), 71-78. doi: <https://doi.org/10.5937/menhottur1802079B>.
- Chuang, S.T. (2010). Rural tourism: perspectives from social exchange theory. *Social Behavior and Personality*, 38(10), 1313-1322. doi: <https://doi.org/10.2224/sbp.2010.38.10.1313>
- Ciutacu, C., Chivu, L. & Iorgulescu, R. (2009). The global financial crisis: management of deficits and debts. *Amfiteatru Economic Journal*, 11(3), 735-750.
- Colin, C. M. (2011). Health and medical tourism: Kill or cure for global public health? *Tourism Review*, 66(1-2), 4-15. doi: <https://doi.org/10.1108/16605371111127198>
- Cooper, C., Fletcher, J., Gilbert, D. & Wanhill, S. (1993). "Tourism: principles & practice", Longman: Harlow, UK.
- Dwyer, L., Forsyth, P., Madden, J. & Spurr, R. (2000). "Economic impacts of inbound tourism under different assumptions regarding the macroeconomy". *Current Issues in Tourism*, 13, 325-363.
- Dwyer, L., Forsyth, P. & Spurr, R. (2002). "Evaluating tourism's economic effects: new and old approaches", CRC for Sustainable Tourism, Workshop on Tourism Economics, Sydney.
- Dwyer, L., Forsyth, P., Madden, J. & Spurr, R. (2001). "Economic impacts of inbound tourism under different assumptions regarding the macroeconomy". *Current Issues in Tourism*, 13, 4, 325-363.
- European Union Tourism Revenue. Retrieved from <https://www.ceicdata.com/en/indicator/european-union/tourism-revenue> (February 3, 2020).
- Fotiadis, A. (2011). The role of tourism in rural development: the role of tourism in rural development through a comparative analysis of a Greek and a Hungarian rural tourism area. Lambert Academic Publishing, Saarbrücken.
- Koteski, C., Majhošev, D. & Jakovljević, Z. (2017). Possibilities for the development of rural tourism in the Republic of Macedonia. *Journal of Process Management – New Technologies*, 5(2), 18-24. doi: <https://doi.org/10.5937/jouproman5-13488>
- Maria-Irina, A. (2017). Ecotourism, agro-tourism and rural tourism in the European Union, Conference: CACTUS 2017 – Contemporary Approaches and Challenges of Tourism Sustainability At: Predeal, Romania. Retrieved from https://www.researchgate.net/publication/320272966_Ecotourism_agrotourism_and_rural_tourism_in_the_European_Union
- Moutinho, L. (2005). Strategic Management in Tourism. Masmedia, Zagreb.
- Nagy, H., Káposzta, J. & Meta, B. (2017). The potentials of rural tourism in developing rural areas in Albania. *De-turope*, 9(3), 188-206.
- Njegovan, Z. (2016). Economics of tourism and rural tourism. Novi Sad: Faculty of Agriculture, Electra copy & print studio.
- Okech, R., Haghiri, M. & George, P. B. (2012). Rural tourism as a sustainable development alternative: An analysis with special reference to Luanda, Kenya. *Cultur, Brasil*, 6(3), 36-54.
- Simoni, S. & Mihai, D. (2012). "Tourism Organization and Coordination in Australia and the Managerial Strategy for Tourism Development". *Journal of Knowledge Management, Economics and Information Technology*, Issue 5. Re-

trieved from www.scientificpapers.org/.../1319_Simoni_Mihai_Tourism_Organization... OECD (1991). "Manual on Tourism Economic Accounts", Paris.

Spanou, E. (2007). "The Impact of Tourism on the Sociocultural Structure of Cyprus". *Tourismos: an International Multidisciplinary Journal of Tourism*, 2, 1, 145-162.

А.Н. Ламбекова, А.Т. Галинова, Р.М. Рахимбаева, Д.Е. Алишева

Пути снижения уровня безработицы на основе развития этнотуризма в Казахстане

Аннотация

Цель: Через развитие этнического туризма в Казахстане ознакомить местное население с традициями, культурами. Снижение безработицы за счет развития этнотуризма.

Методы: В ходе исследования были использованы методы математико-экономического и системного анализа уровня безработицы в Республике Казахстан. Кроме того, была определена целевая аудитория, проведен опрос населения, определено, какими видами работы должно быть обеспечено население через развитие этнотуризма, а также определены потребности и желания.

Результаты: В результате исследования, в ходе развития агротуризма, было достигнуто снижение уровня безработицы, обеспечив занятость населения. Исследованы инфраструктура, потенциал, перспективы развития, удобство развития этноаулов по Республике Казахстан.

Выводы: В настоящее время результаты исследования являются источником очень актуальных вопросов развития сельского этнотуризма, занятости местного населения. Благодаря агротуризму, глобализации этнического туризма, экономика страны становится одним из основных туристических направлений, которые только начинают развиваться и расти. В ходе развития этнотуризма были рассмотрены последствия снижения уровня безработицы в стране. Благодаря популяризации традиций и культуры народа, ремесел и истории, внимание иностранных граждан и местного населения было привлечено. В настоящей статье были подробно рассмотрены новые перспективы развития этнотуризма в нашей стране.

Ключевые слова: туризм, этноистория, развитие, безработица, культура, ремесленная промышленность, агротуризм, сельское хозяйство, предприятие.

А.М. Расулова, А.Т. Галинова, Р.М. Рахимбаева, Д.Е. Алишева

Reducing the unemployment rate through the development of ethnotourism in Kazakhstan

Abstract

Object: To familiarize the local population with traditions and cultures through the development of ethnic tourism in Kazakhstan. Reduction of unemployment due to the development of ethnotourism.

Methods: In the course of the study, methods of mathematical, economic and system analysis of the unemployment rate in the Republic of Kazakhstan were used. In addition, the target audience was determined, a survey of the population was conducted, it was determined what types of work should be provided to the population through the development of ethnotourism, as well as the needs and desires were determined.

Findings: As a result of the study, during the development of agrotourism, a decrease in the unemployment rate was achieved, ensuring employment of the population. The infrastructure, potential, prospects of development, convenience of development of ethnoaulls in the Republic of Kazakhstan are investigated.

Discussions: Currently, the results of the study are a source of very topical issues of the development of rural ethnotourism, employment of the local population. Thanks to agrotourism, the globalization of ethnic tourism, the country's economy is becoming one of the main tourist destinations that are just beginning to develop and grow. In the course of the study of ethnotourism as a new direction of tourism, providing employment of the population in settlements, the factors influencing the reduction of the unemployment rate are determined. Thanks to the popularization of the traditions and culture of the people, crafts and history, the attention of foreign citizens and the local population was attracted. This article discusses new prospects for the development of ethnotourism in our country.

Keywords: tourism, ethno, history, development, unemployment, culture, handicraft industry, agrotourism, agriculture, enterprise.